

*Н. Ү. ЖАКҰДАЕВ, ҚР ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ
ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПО ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ КАФЕДРАСЫНЫҢ ОҚЫТУШЫСЫ;*

*Д. Ү. БАЛҒЫНБЕКОВ, ҚРИМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОРЫ, ЗАҒҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ*

ЖЕДЕЛ-ТАКТИКАЛЫҚ АМАЛДАРДЫ ЖОСПАРЛАУ КЕЗІНДЕГІ ЗАҒҒЫ ЫҚПАЛ ЕТУ МҮМКІНДІКТЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ

Қылмыстық іс материалдарын талдау бізге жедел-тактикалық амалдарды пайдалану арқылы қылмыстарға тергеу жүргізудің мәселелерін қарастыруға және әзірленген жекелеген әдістемелерді қолдану жөніндегі ұсынымдарды қарастыруға, сондай-ақ, криминалистикалық бағдарламаларды, оларды жоспарлау бойынша тергеу әрекеттерінің алгоритмдерін ұсынуға мүмкіндік берді.

Жүргізілген зерттеулердің барысында мынадай әрекеттерді жоспарлауды жүзеге асыру кезінде жедел-тергеу қызметкерлерімен жіберілетін келесідей кемшіліктер мен қателіктер әшкереленіп және жүйеленді: біріншіден, тергеушілер мен жедел қызметкерлердің кәсіби дайындықтарының нашарлы-

ғы (тергеу әрекеттерін ғана емес, сонымен бірге ұйымдастыру іс-шараларын да нашар біледі), сондай-ақ, өзара әрекеттесуші топтардағы ашумен және тергеумен айналысатын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өзара әрекеттестіктерінің болмауы; екіншіден, қылмыстың белгілі бір түрлеріне тергеу жүргізу кезіндегі маман криминалистердің, сарапшылардың заманауи техникалық құралдар мен әдістерді білмеуі; үшіншіден, олардың тергеу жөніндегі криминалистикалық техникаларының және әдістемелік қамтамасыз ету ұсынымдарының жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттар мен дамудың қазіргі деңгейіне сай келмей жатуы.

Біздің зерделеген және талдаған ғылыми зерттеу шеңберіндегі мұрағаттық, нормативтік- құқықтық және теориялық материалдар қылмыстардың түрлері мен санаттары бойынша тактикалық әрекеттердің жалпы және нақты бір жағдайларға қатысты ұсынымдардағы жеке әдістемелерін қалыптастыруға жеткілікті негіздемелердің бар екендігі жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, біздің зерттеуіміз бойынша алынған нәтижелер қылмыстық топтардың іс-әрекеттерін әшкерелеу мен құжаттандыру көптеген жағдайда жедел-тактикалық амалдардың мазмұнын анықтап қана қоймай, сонымен бірге тергеушінің іс жүргізулік және криминалистикалық қызметін көрсететін деректерді әшкерелеуге мүмкіндік береді, деп бекітіп айтуға себеп болады. Осыған байланысты жедел-тактикалық амалдарды жоспарлау барысына белгілі бір әсер ететін мән-жайларды бөліп алып қарауға болады.

Жедел-тактикалық амалдарды жоспарлау барысына белгілі бір әсер ететін мұндай мән-жайларды тактикалық қауіп-қатер кезінде қолдану талап етіледі, тәжірибедегі қызметкерлер мен көптеген ғалым криминалистер тактикалық қауіп-қатер әрекеттердің міндетті түрде болатын құрамдас бөлігі болып табылатындығын көрсетеді.

Айтылғандардың негізінде, жедел-тактикалық амалдарды жүргізудің орындылығын бағалау кезінде қатысушылар тергеу жүргізуді жоспарлаған сәтте ықтималды кездейсоқ жағдайларды бағдарлау мен болжау арқылы қауіп-қатерді азайтуға немесе тіптен болдырмауға тырысуы керек.

Қылмыстарға тергеу жүргізудегі құқық қолдану тәжірибесін талдау, тергеу жүргізудің бастапқы сатысында жағдаяттық жоспарлау тән екендігін көрсетеді. Бұны тергеу жүргізу түрлі-түрлі факторларға тәуелді болатындығын деп тануға болады.

Жедел-тактикалық амалдарды жоспарлау кезінде тактикалық әдіс-тәсілдердің қылмысқа ықпал ету мен арандату үшін қолдануға болатындығына ерекше тоқталған жөн. Қолданыстағы отандық заңнама коммерциялық сатып алуға не сыбайлас жемқорлық қылмысқа арандатуға (Қазақстан Республикасы ҚК-нің 349-бабы) және қылмыс жасауға айдап салуға (Қазақстан Республикасы ҚК-нің 28-бабы). Бұл жерде заң шығарушы арандату деп жәбірленушіге қатысты арандаушының өзіне пайдалы ниетпен басқа адамды итермелейтін, мәжбүр ететін немесе мүмкіндік туғызатын, яғни, адамның бейім болмаған басқа жағдайларда ашықтан-ашық, тура қылмыстық іс-әрекет жасауға бұру және азғыру әрекеті деп таниды, Қылмысқа арандату — бұл басқа адамды көндіру, сатып алу, қорқыту немесе басқа да әрекеттер арқылы жыныстық қатынас жасасуға көмектесу үшін еркек пен әйелдің арасында пайдакүнемдікпен делдалдық жасауға бұру.

Дегенмен, криминалистикалық ғылым, дәлірек айтқанда — криминалистикалық тактика, жедел-тактикалық амалдарда қылмыс жасауға шақыруды немесе заңға қайшы әрекеттер жасау үшін мүмкіндік туғызуды қарастыратын әрекеттерге де жол беруі мүмкін. Мұндай жағдайда тексеретін объекті қоғамға қауіпті әрекет жасауды немесе қылмыстық пиғылдан бас тартуды таңдауы тиіс. Жедел қызметкерлер мен көмектесуші жеке адамдардың мұндай әрекеттері қылмыскерлерді қылмыс үстінде әшкерелеу амалдарын жүргізу кезінде заңды немесе рұқсат етілетін талаптарға жауап беретін болады.

Солдай бола тұрса, жедел-тактикалық амалдарды жоспарлау кезінде адамды қылмыс жасап жатқан кезінде болуы мүмкін ұстау жедел қызмет бастығының және сол сияқты тергеу бөлінісі бастығымен жазбаша түрде рұқсат етілген болуы керек. Сонымен бірге бұл жерде олар, біріншіден, жедел-тактикалық амал объектісі қылмыспен бұрын айналысқанына, қазір де айналысатынына және әлі де айналысуы ықтимал екендігі жөніндегі болжам негізді болуы тиіс (жедел және іс жүргізу көздеріне негізделген), екіншіден, қылмыстың жасалуы үшін мүмкіндік жасауы жөніндегі жедел-тактикалық амалдары мұндай мүмкіндіктер берілетін адамның өзі мұндай заңға қайшы әрекетті жасауға бейім екендігіне көз жеткізілген жағдайда жоспарлануы тиіс.

Тактикалық амалдарды жоспарлаудың бастапқы кезеңіндегі бірқатар криминалистикалық элементтерді талдауға ұмтылған әрекетімізден іс бітті деп айтуға болмайды. Жедел-тактикалық амалдардағы тактикалық қауіп-қатерді азайтуды жоспарлау барысында жедел-тергеу қызметкерлері қабылдауға бағыт-бағдар болуға арналған кәдімгі сипаттағы кейбір тұрғылары ғана қарастырылды.